Бүгіннен бастап күнделікті міндеттер анағұрлым жеңілденетін болады.  **Hansa** құрылғысы – бұл айтарлықтай оңай пайдалану мен керемет тиімділіктің үйлесімі. Нұсқаулықты оқып шыққаннан кейін қызмет көрсету еш қиындық тудырмайды.

Зауыттан шығарылған жабдық қапталар алдында бақылау-сынау стендтерінде қауіпсіздік және атқарымдылық тұрғысынан мұқият тексерілді .

Дұрыс қызмет көрсетпеуінің алдын алу үшін ас үй сорғышын қосар алдында аталмыш пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият оқып танысу керек. Нұсқаулықта көрсетілген нұсқауларды сақтау Сіздің плитаны дұрыс пайдаланбауыңыздың алдын алады. Нұсқаулықты сақтаған дұрыс және оны әрдайым қоластында болатын орындарда ұстаған жөн.

**Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін,
жұмысты нұсқаулық бойынша бастаңыз.**

Құрметпен

 **Hansa**
Haushaltsgeräte

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛАР


- Назар аударыңыз. Аспап және оның ашық бөлшектері жұмыс кезінде жоғары температураларға дейін қызады. Ерекше абайлылықты қадағалау және қыздыру элементтеріне жақындамау қажет. Егер 8 жастан кіші балалар тұрақты бақылауда болмаса, аспаптың жанында болуға жол бермеу қажет.
- Бұл бұйым егер аталған қолданылуы бақылаумен жүзеге асырылса немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін тұлғалармен ұсынылған құрылғылардың пайдаланылуы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес 8 жастағы және асатын балалардың, сонымен бірге шектеулі дене, сенсорлық немесе психикалық мүмкіндіктері шектеулі немесе жеткілікті тәжірибемен білімге ие емес адамдардың қолдануына болады. Бұл аспаппен балалардың ойнамауын қадағалау қажет. Балаларды ересектердің қарауынсыз плитаны жинауға және қолдануға рұқсат бермеңіз.
- Назар аударыңыз. Ас үй плитасында майларды қолдана отырып тағамдарды даярлау қауіпті және өрт туғызуы мүмкін.
- ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА отты сумен сөндіруге тырыспаңыз, аспапты сөндіру, осыдан кейін жалынды мысалы, қақпақпен немесе жанбайтын жамылғымен жабу қажет.
- Назар аударыңыз. Өрт қауіпті: Тағам даярлауға арналған үстіңгі бетке заттарды сақтауға болмайды.
- Назар аударыңыз. Егер плитаның үстіңгі беті жарыққа ие болса, плитаны электр тогына күйіп қалмау үшін электр желісінен ажырату қажет.

- Пышақ, шанышқы, қасықтар мен қақпақтар, сонымен бірге алюминий жұқалтыры секілді металл заттарын ас үй плитасының жұмыс үстіңгі бетінде қалдыруға болмайды, себебі олар қатты қыздырылуы мүмкін.
- Пайдаланғаннан кейін қайнату бетінің кәмпірегін сөндіргішпен сөндіріп, ыдыс болу детекторына сенім артпау керек.
- Құрылғыны сыртқы сағатпен немесе қашықтықта басқару жүйесі көмегімен басқаруға тиым салынады.
- Плитаны тазалау үшін бумен тазарту құралдарын пайдаланбаңыз.
- Индукциялық қайнатқыш бетті алғаш пайдаланар алдында пайдалану бойынша нұсқаулықты міндетті түрде оқып шығу керек. Осылайша, Сіз өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етесіз және дұрыс пайдаланбаудан болатын шығынның алдын аласыз.
- Қайнату бетін білікті маман – электрик жалғауы керек.
- Қайнату құрылғысын салқындату және мұздату құрылғыларына жақын жерде қолдануға тыйым салынады.
- Қайнату беті орнатылатын жиһаз, шамамен. 100оС температураға төзетін болуы керек. Бұл терезелерге, жиектерге, пластмасса беттерге және желімдер мен лактарға қатысты болады.
- Қайнату бетін тек құрастырғаннан кейін ғана пайдалану керек. Осылайша, Сіз кернеу ықпалындағы бөлшектерге жанасу қаупін болдырмайсыз.
- Электрлік құралдарды жөндеуді тек білікті маман ғана жүзеге асыруы керек. Маманданбаған жөндеу қауіпті болуы мүмкін.
- Құрал сақтандырғыш сөндірілген және айыр розеткадан суырылған жағдайда ғана электр желісінен толық ажыратылған болып есептеледі.
- Қайнату бетін қорек сымы айырына қол жетімділік болатындай орнату қажет.
- Бұл аспаппен балалардың ойнамауын қадағалау қажет.
- Желіде кернеу жойылған жағдайда барлық қалыпқа келтірулер жойылатын болады. Желіге электр қуатының берілуі жаңартылғаннан кейін абайлылықты қадағалау ұсынылады. Кәмпіректер ыстық болғанда „Н” қалдық жылу индикаторы жанып тұрады және алғаш қосқандағыдай тосқауыл кілті жанады.
- Электронды жүйеге кіріктірілген қалдық жылу индикаторы қайнату беті қосулы ма екендігін және ыстық па екендігін көрсетеді.
- Егер розетка кәмпірекке жақын болса, қорек сымының ыстық бетке тимеуін қадағалаңыз.
- Майды және тоң майды пайдалану кезінде өрт туындау мүмкіндігі болғандықтан плитаны қараусыз қалдыруға болмайды.
- Пластик немесе алюминий жұқалтырдан жасалынған ыдысты қолдануға тыйым салынады. Ыдыстың мұндай түрі өте жоғары температураларда еруі және керамикалық плитаның бүлінуіне алып келуі мүмкін.
- Қант, лимон қышқылы, тұз және с.т. қатты және сұйық күйдегі, сондай ақ пластмассалар қыздыру аймағына түспеуі тиіс.
- Егер зейінсіздік нәтижесінде қант немесе жасанды материалдар қызып

тұрған плитаға түссе, ешбір жағдайда плитаны сөндіруге болмайды, өткір қырғышпен қантты және пластмассаны қырып алып тастаған жөн. Қолды күйік пен жарақаттан қорғау керек.

- Керамикалық плитаға қабырғалар мен қылауы жоқ бірыңғай жалпық түбі бар кастрюльдер және бақыраш пайдаланған жөн, кері жағдайда плитада орнықты сызаттар пайда болуы мүмкін.
- Керамикалық плитаның қызып тұрған беткі қабатының ыстықтық шок әсері мықты. Ол суыққа және ыстыққа сезімтал емес.
- Плитаға заттардың түсуінен аулақ болған жөн. Қызып тұрған беткі қабатың нүктелі соққысы, мысалы, дәмдеуіштері бар шөлмектердің құлауы керамикалық плитаның сынуына және жарылуына әкеп соғуы мүмкін.
- Жарылған жерлер арқылы сұйықтық керамикалық плитаның кернеуде тұрған бөлшектеріне түсуі мүмкін.
- Егер плитаның үстіңгі беті жарыққа ие болса, плитаны электр тогына күйіп қалмау үшін электр желісінен ажырату қажет.
- Егер құрылғы галогенді кәмпіректермен жабдықталған болса, ол көзге зиян болғандықтан оларға қарау ұсынылмайды.
- Керамикалық плитаны күту және тазалау туралы нұсқаулықты ұстанған жөн. Тиімсіз пайдалану жағдайында өндіруші жауапкершілікте болмайды.
- Құрылғыны ас әзірлеуге немесе пісіруге қолдану, ол орнатылған бөлмеде ылғал мен жылудың бөлінуіне әкеп соғады. Асүй бөлмесі жақсы желдетілетіндігіне көз жеткізіп алған дұрыс; табиғи желдету саңылаулары ашық болуы керек, немесе механикалық желдету құралдарын орнату керек (механикалық сорумен түтіндік).
- Құралды ұзақ интенсивті пайдалану қосымша желдетуді қажет етуі мүмкін, мысалға терезені ашу тиімді желдету үшін немесе механикалық желдетудің өнімділігін арттыру үшін.

ОРАУДАН АШУ



Құрылғыны тасымалдау кезінде зағымдалудан қорғау қарастырылған. Құрылғыны ашқаннан кейін орау элементтерін қоршаған ортаны ластамай жинаңыз.

Орау үшін қолданылған барлық материалдар, қоршаған ортаға зиянсыз 100% қайта өңделе алады, сәйкес символмен таңбалауға ие.

Назар аударыңыз! Орау материалдарын (полиэтиленды қаптар, пенопласт бөлшектері және т.б.)

құрылғыны ашу үрдісі кезінде балалардан алыс ұстау керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚҰРЫЛҒЫ- ЛАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Бұл құрылғы Еуропалық Директиваға 2012/19/UE және электрлі және электронды құрылғылар туралы польша Заңына сәйкес, шығындарға арналған сызылған контейнер символымен таңбалауға ие.

Бұндай таңбалау бұл құрылғыны, пайдаланудан кейін басқа да тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтыруға болмайтындығы жайлы ақпараттандырады.

Пайдаланушы құрылғыны қолданыста болған электрлі және электронды құрылғыларды жинаушыларға тапсы-

руға міндетті. Қалдықтарды жинаушылар, жинау пунктері, дүкендер және бөлімшелер бұл құрылғыны тапсыруға мүмкіндік беретін жүйені құрайды.

Пайдалануда болған электрлі және электронды құрылғы адам денсаулығына және қоршаған орта салдарына, бар болатын қауіпті құрылымды элементтерінен, сонымен қатар мұндай құрылғының қайта дұрыс жұмыс істемеуіне және қоймалануына қауіптіліктің алдын алуға бұл қаулы мүмкіндік береді.

ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ҮНЕМДЕУ



Электр қуатын үнемдеуге жауапты тәсіл үй бюджетін үнемдеуді қарастырып қана қоймай, қоршаған ортаны қорғауда саналы қатысуды қарастырады. Бей-жай болмаңыз, электр қуатын үнемдеуге кірісіңіз! Бұл үшін қажетті:

- Даярлау үшін тиісті ыдысты қолдану.
- Жалпақ және қалың түбі бар кастрөлдер электр қуатын 1/3 дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Ыдысты қақпақпен жабу қажет, бұл электр қуатын 4 есе азайтуға мүмкіндік береді!
- Конфорка мен ыдыс түбінің тазалығын қадағалау қажет.
- Ластану жылудың берілуіне кедергі келтіреді – тұрып қалған күйіп кеткен ластанулар жиі жағдайда қоршаған ортаны өте ластайтын құралдар көмегімен ғана кетіруге болады.
- «Кастрөлге артық үңілдеуден» аулақ болыңыз.
- Плитаны мұздатқыш/салқындатқыш камералары маңайына орналастырмау.
- Қажеттіліксіз электр қуатын қолдану жағдайында оның шығыны өседі.

ОРНАТУ

Үстел бетін қайнату бетін орнатуға дайындау


Үстелдің үстінгі тақтайы жалпақ және жақсы тегістелген болуы тиіс. Үстелдің үстінгі тақтайды қабырға жағынан су басудан және ылғалдан тығыздап, қорғау қажет.

Пісіру панелін орнатуға арналған жиһаз 100 °C температураға төзімді оны жабыстыруға арналған желімі және қаптамасы болуы тиіс. Осы шартты сақтамау, беткі қабатының деформациясына немесе қаптамасының қабыршықтануына әкелуі мүмкін.




Қуыс жиектерін ылғал сіңіруге тұрақты материалдармен қорғау керек.

Пісіру панелінің астында ауаның тиісті айналымын қамтамасыз ету және пластина айналасында бетінің қызып кетуін болдырмау үшін бос орын қалдырыңыз. Осы саңылаудың өлшемі нұсқаулықтың келесі бөлімінде көрсетілген.

Үстелдің үстінгі тақтайындағы саңылау төмендегі суретте көрсетілген өлшемдерге сәйкес жасалуы тиіс (өлшем бірлігі [мм]):





* Тік сору жағдайында үстелдің үстінгі тақтайынан ең аз сору қашықтығы 650 мм, ал көлбеу сору жағдайында 450 мм болуы тиіс



**Шкафтардың үстіне пісіру
панелін орнату**

**Духовканың үстіне пісіру
панелін орнату**



Қайнату бетін желдету жүйесі жоқ духовка шкафының үстіне орнатуға тыйым салынады.

Монтаждау саңылауының үстіне пісіру панелін орнату

Пісіру беті қоса берілген электр қосылыстарының схемасына сәйкес электр желісіне кабельмен қосылады, Үстелдің үстінгі тақтайын шаңнан тазартып, пісіру панелін ойыққа салып және тірелгенге дейін үстелдің үстінгі тақтайына қысыңыз,

Жөндеушіге арналған нұсқаулық

Қайнату беті клемма блогымен жабдықталған, ол электрлік желіден қорек алудың нақты түріне дұрыс жалғауға мүмкіндік береді.

Клемма блогы келесі жалғауды қамтамасыз етеді:

- Бір фазалы 220-240В~
- Екі фазалы 380-415В 3N~



Қайнату бетін сәйкес қорек көзіне текэлектрлік жалғау сызбасына сәйкес клемма блогындағы сәйкес қышқыштар арқылы ғана жалғайды. Қайнату бетінің төменгі бөлігіндегі электрлік жалғаулардың сызбасы жапқышта көрсетілген. Клемма блогына клемма бөлігінің қақпағын ашқаннан кейін ғана қол жеткізуге болады. Жалғау түрі мен қайнату бетінің нақты қуатын ескере отырып, қорек шоғырсымын дұрыс таңдауды есте сақтау керек.

Назар аударыңыз! Міндетті түрде жерге тұйықтау шоғырсымын клемма бөліміне жалғаңыз, клемма белгімен белгіленген. Қайнату бетін қоректендіретін электрлік желі жерге тұйықталуы және техника қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес болуы, сонымен қатар, төтенше жағдайда кернеуді сөндіруге мүмкіндік беретін сәйкес сөндірігіші болуы керек.

Қайнату бетін электрлік желіге жалғау алдында зауыттық тақташамен және электрлік жалғау сызбасымен танысу керек. Электрлік жалғау сызбасына сәйкес келмейтін жалғау істен шығуы алып келуі мүмкін.

Назар аударыңыз! Электрлік желіге жалғауды тек сәйкес рұқсаты бар білікті маман ғана жүзеге асыра алады. Электрлік жалғауларды өз бетімен өзгертуге және жөндеуге тыйым салынады.

Мүмкін электрлік жалғау сызбасы

Назар аударыңыз! Жалғастыру түріне қарамастан, қорғаныс сымы клеммаға қосылуы тиіс ⚡.				Түрі Сымның қимасы	Сақтанды- рғыш
1	220-240В желі үшін бейтарап сымы бар бір фазалы қосылым керек, қосқыштар L1-L2 клеммаларды, N1 дейінгі бейтарап сымды жалғайды, ⚡ дейінгі жерге тұйықтау сымы	1кВ дейін		HO5VV-FG 3x4 мм²	мин. 30А
2	380-415В желі үшін бейтарап сымы бар екі фазалы қосылым керек, N дейінгі бейтарап сым, ⚡ дейінгі жерге тұйықтау сымы	3кВ дейін		HO5VV-FG 4x2,5мм²	мин. 16А

ҚҰРЫЛҒЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

- Кәстрөлдің қақпағы тамақ дайындау кезінде жылу шығынын болдырмайды және осылайша қыздыру уақытын азайтады және энергия тұтынуды төмендетеді.
- Кәстрөлдің түбі құрғақ екендігіне көз жеткізіңіз. Кәстрөлді толтырған кезде немесе тоңазытқыштан алынған кәстрөлді пайдалану кезінде түбінің беті толығымен құрғақ екеніне көз жеткізіңіз. Бұл плитаның үстіңгі бетінің ластануына жол бермеу үшін мүмкіндік береді.



Қалдық жылу индикаторы „Н”

Дайындауды аяқтағаннан кейін, осы қыздыру аймағындағы индукциялық плитаның әйнегі ыстық күйінде қалады, бұл қалдық жылу деп аталады.

Егер әйнек ыстық болса, осы аймақтың индикаторында „Н” символы көрсетіледі.



! Қалдық жылу индикаторы жұмыс істеп тұрған сәтте күйік алмау үшін конфоркаға қол тигізуге, сондай-ақ жылуға сезімтал заттарды қоюға тыйым салынады!


! Желіде кернеу болмаған жағдайда, "Н" қалдық жылу индикаторы бұдан әрі жанып тұрмайды. Соған қарамастан конфоркалар ыстық болуы мүмкін!

Қайнату бетін алғаш қосар алдында

- Плитаны мұқият тазартыңыз. Плитаның беті әйнектен жасалған, сол себептен оны мұқият пайдаланыңыз.
- Құрылғыны бірінші рет қосқан кезде иістер бөлінуі мүмкін. Мұндай жағдайда желдетуді қосыңыз немесе орынжайдағы терезені ашыңыз. Иістердің бөлінуі қысқа мерзімді болып табылады.


ПАЙДАЛАНУ

Жабдықтың элементтері



1. Басқару панелі
2. Индукциялық конфоркалар

Басқару панелі



3. Конфорканы таңдау қадағасы
4. Балалардан бұғаттау қадағасы
5. Минус қадағасы "-"
6. Таймер қадағасы
7. Плюс қадағасы "+"
8. Құрылғыны қосу/сөндіру қадағасы
9. Таймердің дисплейі

Назар аударыңыз: Қадағаны әрбір пайдалану дыбыс сигналымен расталады. Дыбыстық сигналдарды өшіру мүмкін емес.

Электр қуатына қосылу

Қуат көзіне қосылғаннан кейін плитадағы барлық дисплейлер 1 секундқа жанады, сонымен қатар дыбыс сигналы дыбысталады. Плита күту режиміне ауысады.

Конфорканы қосу

Кәстрөлді конфоркаға қойыңыз, мысалы, артқа сол жағына. ① қадағасына қол тигізіңіз, конфоркалардың дисплейінде  пайда болады, Таңдалған конфорканы  қадағасының көмегімен белсендіріңіз, содан кейін  және  қадағаларымен 1-9 ауқымындағы қуаттылығын таңдаңыз. Қыздыру қуатын растау үшін тағы да  қадағасын басыңыз, сіз сондай-ақ қуаттың мәнін автоматты түрде растау үшін бірнеше секунд күте аласыз.

Назар аударыңыз:

Сіз кәстрөлді, тіпті конфорканы қоспастан бұрын, кез келген уақытта қоя аласыз.

Егер қуат плитаны қосқаннан кейін 1 минут ішінде орнатылмаса, плита автоматты түрде сөндіріледі.

 қадағасының көмегімен өрісті таңдағаннан кейін, дисплейде әдепкі қалпы бойынша мән 5 пайда болады, әдепкі қалпы бойынша деңгейді өзгерту мүмкін емес.

Конфорканың орнатылған қуатын өзгерту

Кәстрөл тұрған белсенді конфорканың  қадағасына қол тигізіңіз, содан кейін  және  қадағаларымен конфорканың қуатын 1-9 ауқымының арасында өзгертіңіз.  қадағасының көмегімен жаңа температураны растаңыз.

Конфорканы сөндіру

Жекелеген конфорканы сөндіру үшін, сөндіруді қалайтын конфорканың  қадағасына қол тигізіңіз, екі тәсілмен жалғастыруға болады:

-  қадағасының көмегімен конфорканың қуатын 0-ге дейін төмендету.
- Бір уақытта  және  қадағаларына қол тигізіңіз, конфорканың қуаты автоматты түрде 0-ге дейін төмендейді.

Екі жағдайда да  қадағасының көмегімен 0 мәнін растаңыз, немесе бірнеше секунд күте тұрыңыз, мән автоматты үрде расталатын болады.

Барлық конфоркаларды бір уақытта сөндіру үшін, ① қадағасына қол тигізіңіз, плита толығымен сөнеді.

Балалардан қорғаныс

Белсенді балалардан бұғаттау, ① басқа қадағалардың белсенді болмауына әкеледі, дисплейде  көрсетіледі.

*Плитаны іске қосу үшін,  қадағасын басып және 3 секунд бойы ұстап тұру қажет, дисплейде  символы жанады. Плитаны бұғаттан шығару үшін қайтадан  қадағасын басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз,  жоқ болып кетеді.

*Плитаны іске қосу үшін,  және  қадағасын басып және 3 секунд бойы ұстап тұру қажет, дисплейде  символы жанады. Плитаны бұғаттан шығару үшін қайтадан  және  қадағасын басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз,  жоқ болып кетеді.

Сіз плитаны жұмыс істеп тұрған кезде бұғаттай аласыз, ① қадағасы белсенді. Шұғыл жағдайда, сіз плитаны алдын ала бұғаттаудан шығармай-ақ, оны ① қадағасының көмегімен өшіре аласыз. Плитаны қайтадан қосу үшін, алдымен балалардан бұғаттауды өшірген жөн.

Конфороканы автоматты сөндіру

Конфорка жұмыс істеп тұрған қуатына байланысты белгілі бір уақыттан кейін автоматты түрде өшіріледі. Бұл қауіпсіздікпен байланысты және бұл атқарымды өшіру мүмкін емес.

Бекітілген қуаттылық	Сөндіру уақыты
1	8 сағ.
2	8 сағ.
3	8 сағ.
4	4 сағ.
5	4 сағ.
6	4 сағ.
7	2 сағ.
8	2 сағ.
9	2 сағ.

Таймер атқарымы*

Мысалы, таймерді 25 минутқа орнату үшін, плитаны ① қадағасымен қосыңыз, конфорокалардың дисплейлерінде  пайда болады, енді  қадағасына қол тигізіңіз, дисплейде 00 сандарының оң жақтағысы жыпылықтай бастайды. ⊕ және ⊖ қадағаларының көмегімен 5 мәнін таңдаңыз, қайтадан  қадағасына қол тигізіңіз, дисплейде 00 сандарының сол жақтағысы жыпылықтай бастайды. ⊕ және ⊖ қадағаларының көмегімен 2 мәнін таңдаңыз. Уақытты  қадағасымен растаңыз.

Таймер 25 минутқа орнатылған, осыдан кейін сіз 30 секундқа созылатын акустикалық сигналды естисіз. Дыбыстық сигналды өшіру үшін кез келген қадағаны басыңыз. Конфорка қосулы күйде болған кезде де таймерді белсендіруге болады (дайындап жатқан кезде).

Конфороканы сөндіру уақытын белгілеу.*

Сіз конфороканы сөндіру уақытын белгілей аласыз. Ол үшін таңдалған конфороканы іске осыңыз және оның қуатын орнатыңыз. Орнатылған қуаттың индикаторы жыпылықтап тұрған кезде,  қадағасына қол тигізіңіз. Бұдан әрі таймерді орнатқан кездегідей әрекет етіңіз. Уақытты растағаннан кейін, конфороканы автоматты түрде сөндіруге дейін, плитаны сөндіру уақытын растау үшін  қадағасына тағы да қол тигізіңіз. Белсенді атқарым орнатылған конфороканың қуаты көрсетілген санның жанында жыпылықтайтын нүктемен сигнал береді. Белгіленген уақыт өткеннен кейін конфорока автоматты түрде өшеді. Сіз әр конфорокаға бөлек сөндіру уақытын белгілей аласыз.

Назар аударыңыз! Таймер және конфороканың орнатылған сөндіру уақыты атқарымы үшін:

- Уақытты 1-ден 99 минутқа дейінгі шекте орнатуға болады.
- Уақыт  қадағасымен растау сәтінен бастап есептеледі.
- Екі атқарым үшін белгіленген уақыт мәнін өзгерту немесе оны жою үшін, уақыт орнатқыңыз келетін сияқты әрекет етіңіз, бірақ уақытты 00-ге дейін қысқартыңыз.
- Орнатылған уақытты жою үшін немесе плитаны толықтай сөндіру үшін ① қадағасын басыңыз.

АҚАУ ПАЙДА БОЛҒАН КЕЗ-ДЕГІ ӘРЕКЕТ ЕРЕЖЕСІ


Ақау болған жағдайда келесідей жасау керек:

- плитаның жұмыс түйіндерін өшіру
- электр қуат көзін өшіру
- Жөндеуге тапсырыс беру
- Кейбір ұсақ ақауларды пайдаланушы келесі кестеде келтірілген нұсқауларды орындау отырып өзіжоя алады, клиентке қызмет ету жөніндегі бөлімге немесе қызмет көрсету орталығына жүгінбес бұрын кестедегі келесі тармақтарды тексеру қажет.

МӘСЕЛЕ	СЕБЕБІ	ӘРЕКЕТТЕР
1. Құрал жұмыс істемейді	- Кернеуді беру кезінде ауытқулар	- Үй желісіндегі сақтандырғышты тексеру, жанып кеткенін ауыстыру
2. Құрылғы шама енгізуге жауап қайтармайды	- басқару тақтасы қосылмаған - сенсорлы батырма тыс қысқа басылған (секундтан аз) - бір мезгілде бірнеше сенсорлық батырма басылған	- қосу - батырманы ұзағырақ басу керек
3. Құрылғы әсер етпейді және ұзақ дыбыстық белгібереді	- дұрыс қызмет көрсетпеу (қате сенсорлық батымалар қосылған немесе өте жылдам) - сенсорлық батырма(лар) жабық немесе ластанған	- үнемі тек бір батырманы басу (конфорканы сөндіруден басқа) - пісіру бетін қайтара қосу
4. Құрылғы толық сөнеді	- қосқаннан кейін 10 сек астам уақыт ішінде ешқандай параметрлер енгізілмеді - сенсорлық батырма(лар) жабық немесе ластанған	- басқару тақтасын қайта қосу және сәйкес мәліметтерді енгізу
5. Бір конфорка сөнеді, индикаторда «Н» әрпі жанады	- жұмыс уақытын шектеу - сенсорлық батырма(лар) жабық немесе ластанған - электронды элементтердің қызып кетуі	- сенсорлық батырмаларды ашу немесе тазарту - конфорканы қайтадан қосу
6. Конфорканың ыстық болуына қарамастан, қалдық жылудың индикаторы жанады.	- кернеуді беру кезінде ауытқу, аспап желіден ажыратылған.	- басқару панелін жақын арада қосып және өшіргеннен кейін ғана қалдық жылудың индикаторы қосылады.
7. Керамика панелінде жарық.	 Қауіпті! Плитаны желіден тез арада ажырату қажет (қорғағыш). Жақын маңдағы қызмет көрсету орталығына жүгіну.	
8. Егер ақау бұдан әрі жойылмаса.	Плитаны желіден ажыратыңыз (қорғағыш!). Жақын маңдағы қызмет көрсету орталығына жүгініңіз. Маңызды! Сіз аспаптың жарамды жағдайда болуына және оның тиісті үй жағдайында пайдаланылуына жауаптысыз. Егер тиісті емес пайдалану кезінде пайда болған ақау салдарын жою үшін, сіз қызмет көрсету орталығының қызметкерін шақыртыңыз, бұл шақыртылу кепілдік мерзімі ішінде болса да, сіз оны төлейсіз. Көрсетілген нұсқаулықты ұстанбау әсерінен пайда болған ақауға өкінішке орай біз жауап бере алмаймыз.	
9. Индукциялы плита бөсеңдетілген дыбыс шығарса.	Бұл қалыпты құбылыс. Электронды жүйені салқындататын желдеткіш жұмыс істеп тұр.	
10. Индукциялы плита ысқырыққа ұқсас дыбыс шығарса.	Бұл қалыпты құбылыс. Ең жоғарғы қуатта пайдалану уақытында бірнеше жұмыс аумағының кезінде орауыш жұмысының жиілеуіне қарай плита жеңіл ысқырық шығарады.	
11. Пісіру беті жұмыс істемей жатыр, конфоркалар қосылмай және жұмыс істемей жатыр.	- электрониканың бұзылуы	- пісіру бетін босату, ал бірнеше минут өткен соң оны электр желісінен ажырату (сақтандырғышты шығару) қажет.

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКА- ЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Пайдаланушының плитаның жағдайын және техникалық қызмет көрсетуін күтуі, оның апатсыз жұмысының мерзімін едәуір ұзартуға әсер етеді.



Шыныкерамиканы тазалау үшін шыныны тазалау әдістері қолданылады. Ешқашан да абразивті немесе күшті тазалау құралдарын, сонымен қатар, тазалауға арналған құмды және беті қатпарлы ысқышты пайдалануға болмайды. Бүмен тазартқыштар қолдануға тыйым салынады

Әр пайдаланудан кейін тазалау

Жеңіл күймеген ластануды тазартқыш құралсыз ылғалды матамен тазарту керек. Жуғыш құралдар көк түсті дақтар қалдыруы мүмкін. Мұндай дақтарды арнайы тазалау құралдарын қолданғанның өзінде бір реттен кетіру мүмкін емес.



Қатты күйген лас затты үшкір қырғышпен кетіреді. Одан соң бетті ылғалды матемен сүрту керек.

Дақтарды кетіру

Ашық жылтыр дақтарды (алюминий қалдықтарын) суыған қайнату бетінен арнайы тазарту құралдарымен тазалауға болады. Әк қалдықтарын (мысалы, қайнаған судың шашыраған тамшыларын) сірке суымен немесе арнайы тазарту құрылғысымен тазалау керек. Қант, құрамында қанты бар тағамдар, пластик және алюминий фольганы тазартқанда конфорканы сөндіруге тыйым салынады! Қалдықтарды ыстық конфоркаға арналған үшкір қырғышпен дереу мұқият тазалау керек (ыстық қалпында). Беттің ластануын кетіргеннен кейін сөндіріп, суыған соң арнайы тазартқыш құралмен тазалау керек.

Арнайы тазарту құрылғыларын шаруашылық дүкендерінен, маманданған электрлік техника, косметика және тұрмыстық химия дүкендерінен, азық-түлік дүкендерінің бөлімдері мен ас үй салондарынан

алуға болады. Үшкір қырғышларды шаруашылық дүкендерінде, құрылыс және лак-бояу дүкендерінде сатып алуға болады. Тазартқыш құралды ыстық бетке жағуға тыйым салынады. Тазартқыш құралды құрғатып, одан соң ылғалды матамен сүрту ұсынылады. Қайнату бетін қайта қосар алдында тазартқыш құрал қалдықтарын ылғалды матамен сүртіп алу керек. Керісінше жағдайда олар бетке зиян келтіруі мүмкін. Қайнату бетінің шыныкерамикасын дұрыс пайдаланбаған жағдайда өндіруші ешқандай жауапкершілікте болмайды!

Мерзімді тексерістер

Плитаны тазалықта ұстауға бағытталған әрекеттерден басқа:

- Плитаның жұмыс түйіндерін басқару элементтерінің әрекетін кезең сайын тексеруден өткізу. Кепілдеме мерзімі өткеннен кейін, кем дегенде жылына бір рет сервис орталықтарының пунктіне плитаны техникалық тексеруге беріп отыру қажет.
- анықталған ақауларды жою,
- плитаның жұмыс түйіндерінің кезеңдік техникалық қызмет көрсетуін жүргізу,

Назар аударыңыз!

Егер басқару тақтасы қайнату беті қосулы болғанда қандай да бір себеппен жұмыс жасамаса, негізгі сөндіргішті сөндіріп, сақтандырғышты алу және қызмет көрсету орталығына хабарласу керек.

Назар аударыңыз!

Шыныкерамиканың жарықшағы немесе сынық бөлігі анықталған жағдайда қайнату бетін дереу сөндіріп, электр желісінен ажырату керек. Бұл үшін сақтандырғышты алып, айырды розеткадан суыру керек. Одан соң қызмет көрсету орталығына хабарласу

Назар аударыңыз!

Барлық жөндеу және реттеу жұмыстарын сәйкес сервистік қызмет көрсету орталығы немесе сәйкес өкілеттіктерге ие маман орындау керек.

КЕПІЛДІК, САТҚАННАН КЕЙІНГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Кепілдік

Кепілдік қызмет көрсету ережесі кепілдік талонында баяндалған. Өндіруші кір жуғыш машинасын тиісті түрде қолданбау нәтижесінде келтірілген қандай да бір залал үшін жауапкершілік тартпайды.

Сервис

- Жабдықты өндіруші барлық жөндеу және реттеу жұмыстарын өндірушінің зауыттық сервистік қызметінің немесе авторластырылған сервистік қызметінің орындауына кеңес береді. Қауіпсіздік ережелерін негізге ала отырып, құрылғыны өз бетінше жөндеуге болмайды.
- Құрылғыны қажетті біліктілігі жоқ тұлғалардың жөндеуі пайдаланушы үшін маңызды қауіп төндіруі мүмкін.
- Өндіруші, импорттаушы немесе уәкілетті өкілдің құрылғыға беретін ең аз кепілдік мерзімі кепілдік талонында көрсетілген.
- Құрылғы өз бетінше бейімдеу, өзгерістер енгізу, пломбаларды немесе басқа да жабдықтарды немесе оның бөліктерін қорғау шараларын бұзу, сондай-ақ пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес келмейтін жабдыққа өз бетінше араласу нәтижесінде өз кепілдігін жоғалтады.

Ақауланған жағдайда жөндеуге және көмекке өтінім білдіру

Егер құрылғыны жөндеу қажет болса, сервистік орталыққа жүгініңіз. Сервистік орталықтың мекенжайы және байланыс телефоны кепілдік талонда көрсетілген. Қолданудың алдында құрылғының сериялық нөмірін дайындау қажет, ол зауыттық тақтайшада көрсетілген. Ыңғайлы болу үшін оны төменде жазыңыз:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Өндірушінің мәлімдемесі

Осымен өндіруші тұрмыстық аспабының төмендегі көрсетілген негізгі талаптар мен басшылықтарына сәйкес келеді деп куәландырады;

- **төменвольтті жабдықтар директивасы 2014/35/ЕС,**
- **электромагниттік үйлесімділік директивасы 2014/30/ЕС,**
- **қоршаған ортаны жобалау директивасы 2009/125/ЕС,**
- **„төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі үшін” талап TP TC 004/2011,**
- **„техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі” талап TP TC 020/2011**

Аспап **EAC** сәйкестікті белгілсімен таңбаланады, және оған нарықты бақылау мекемелерге ұсынылатын сәйкестік сертификаты беріледі.



Компания изготовитель

Амика С.А., Польша, 64-510 Вронки, ул. Мицкевича, 52
Тел. +48 67 25 46100, факс +48 67 25 40 320

Amica S.A., ul. Mickiewicza 52, 64-510 Wronki
tel. 67 25 46 100, fax 67 25 40 320

Сделано в Китае

Претензии по качеству

направлять в / Импортёр на территорию РФ
ООО «Ханса», 121609, Россия, г. Москва, вн. тер. г. муниципальный округ
Крылатское, улица Осенняя, д.11, этаж 4, ком. 1-3, 7-19, 21
Тел. 8 (800) 700-36-61